


РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2023



328,6
МЛРД ТГ



- Производство резиновых изделий
- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство прочих пластмассовых изделий



106,8%
ИФО

\$253,4

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **81,1%**
ОТП **18,9%**

\$2 041 МЛН



РЫНОК



\$1 656

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ

2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі резеңке және пластмасса өнімі

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-қыркүйекте **328,6 млрд теңгені** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **12,1%** жоғары.

Резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, табақтар, құбырлар және профильдер – **42,2%**, құрылыс пластик бұйымдар – **19,7%**, түрлі пластик бұйымдар – **16,3%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **15%**, түрлі резеңке бұйымдар – **6,4%** құрады.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде **106,8%** құрады.

Заттай көріністе ең жоғары өндіріс көлемін полиэтиленнен жасалған қаптар және сөмкелер (+2,6%); құбырлар, түтіктер және құбыршектер және олардың пластмассадан жасалған фитингтері (5,1%) өндірісі көрсетті. Осы тауарлардың өсуі тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты.

Резеңке және пластмасса өнім **экспорты** құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-тамызда 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **2,5 есе** өсті және **253,4 млн АҚШ долл.** құрады. Резеңке және пластмасса тауарлардың негізгі көлемі **Ресей (79%), Қырғызстан (8%) және Өзбекстанға (6%) экспортталды.**

Резеңке және пластмасса тауарлар **импорты** 2023 ж. қаңтар-тамызда **1656,0 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **29,8%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (28%), Ресей (28%), Германиядан (5%) келіп түсті.**

Резеңке және пластмасса бұйымдары нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде **2 041 млн АҚШ долл.** құрады (**920,7 млрд теңге**), бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **18%** артық.

Өндірістің өсуіне (+13,7%) қарамастан ОТӨ үлесі 7,3 п.п. төмендеді және 18,9% құрады, бұл, ең алдымен импорттың өсуіне (+29,8%) байланысты. Импорт өнім үлесі **81,1%** құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-қыркүйекте төмендегі өңірлерде байқалады: Алматы обл. (22,2%), Астана қ. (19,2%), Алматы қ. (11,6%), Қарағанды обл. (8%), Шымкент қ. (5,9%).